



## Облыс ауыл шаруашылығын қолдауға және дамытуға облыстық бюджеттен кредит беру туралы

### *Күшін жойған*

Жамбыл облысы әкімиятының 2004 жылғы 12 ақпандағы N 23 қаулысы. Жамбыл облыстық әділет департаментінде 2004 жылғы 12 ақпанда 1198 нөмерімен тіркелді. Қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007 жылғы 24 сәуірдегі № 4-1874 Хатымен

**Еркерту. Қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Жамбыл облысы Әділет департаментінің 2007.04.24 № 4-1874 Хатымен.**

Облыстың ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілеріне нақты қаржылық қолдау көрсету мақсатында, Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" Заңына сәйкес және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27 бабы 4 және 5 тармақтарының негізінде облыс әкімияты ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2004 жылдың 30 қаңтарындағы облыстық мәслихаттың үшінші шақырылған II сессиясының "2004 жылғы облыстық бюджет туралы және 2002 жылғы облыстық бюджеттің орындалуы туралы" N 2-4 шешіміне сәйкес, облыстың ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілеріне ассигнациялар есебінен кредит беруге облыстық бюджеттен 110,0 миллион теңге бөлінсін.

2. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге кредит беру жөніндегі бюджеттік бағдарламаның әкімшісі болып облыс Әкімінің ауыл шаруашылығы басқармасы бекітілсін.

3. Бюджеттік кредит берудің қаржылық агентінің міндетін атқарушы және қатысушы банктерді конкурс бойынша іріктеу, сол сияқты соңғы несие алушылардың өткізген құжаттарын қарау үшін мынадай құрамда облыстық конкурстық комиссия құрылсын:

Жексембин Бөрібай Биқожаұлы - облыс Әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;

Кәрентаев Амангелді - облыс Әкімі ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, комиссия төрағасының орынбасары;

Тілегенов Нұрмахан - облыс Әкімі ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары, комиссия хатшысы.

Комиссия мүшелері:

Аманбеков Болат - облыс Әкімі қаржы басқармасының бастығы;

Мәдиев Алмас Өскенбайұлы - облыс Әкімі экономика басқармасының бастығы;

Иманалиев Бақытбек Зүбайраұлы - облыс Әкімі аппараты экономика, қаржы және әлеуметтік қорғау бөлімінің меңгерушісі.

4. Кредит беру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу жөніндегі қаржылық рәсімдер Ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес жүзеге асырылсын (әрі қарай Ереже).

5. Ереженің 18 тарауына сай соңғы несие алушы-ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге бюджеттік кредит беруді жүзеге асырушы қаржылық агентінің міндеті жүктелетін заем беруші-банкті анықтау үшін конкурстық комиссия екінші деңгейдегі банктер арасында тендер өткізсін.

6. Ереженің 18 тарауының 162 тармағына сәйкес бөлінген бюджеттік кредит мыналарға жұмсалатын болсын:

1) қала маңындағы сүт фермаларына асыл тұқымды құнажындар сатып алу үшін 15 млн. теңге көлемінде;

2) жүзім шаруашылығына 20 млн. теңге, бау-бақшаны дамытуға - 5 млн. теңге көлемінде;

3) картоп пен көкөніс өсіруді ұлғайту мақсатында "Жамбыл облысының 2003-2005 жылдарға арналған аграрлық азық-түлік "Ауыл" бағдарламасын" жүзеге асыруға - 15 млн. теңге, майлы дақылдар өндіруге - 5 млн. теңге көлемінде;

4) қант қызылшасын өндіруді ұлғайту мақсатында - 30 млн. теңге көлемінде;

5) ауылдық тұтыну кооперациясы жүйесіндегі мекемелерге ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алуды ұйымдастыруға 10 млн. теңге көлемінде;

б) облыстың машина жасау зауыттарының ауыл шаруашылығы техникасы үшін қосалқы бөлшектер, агрегаттар мен бунақтардың бөлшектерін дайындауды ұйымдастыруға 10 млн. теңге көлемінде.

7. 6 тармақта көрсетілген бағыттар бойынша бөлінетін бюджеттік кредиттер 2004 жылдың 1 мамырына дейін игерілмеген жағдайда, пайдаланылмаған қаражаттар жалпы негізде қайта бөлінуі тиіс.

8. Бюджеттік кредит сомасынан жылдық 0,01% (нөл бүтін жүзден бір пайыз) көлемінде сыйақы төленетін болсын.

9. Осы бюджеттік кредитті қайтару мерзімі 2005 жылдың 30 қарашасына дейін деп белгіленсін.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс Әкімінің орынбасары Б.Б. Жексембинге жүктелсін.

*Облыс Әкімі*

*С. Үмбетов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК